



## 80-ҒАБӘСӘ СҮРЕСІ

Меккеде түсken. Қырық екі аят.

(Бір рет Мұхаммед F.C. Құрайштың бастықтарын дінге шақырып, отырғанда, соқыр Фабдолла Мәктүм тұлның келгеніне қабақ шытқан екен. Б.Ж.М.К.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қабақ шытып, бет бұрды; (1) Оған соқырдың келуімен. (2) Қайдан білесің, мүмкін ол тазарап? (3) Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер. (4) Ал енді байсынған; (Құрайш бастықтары) келсе, (5) Оған көңіл

білесің. (6) Ол тазармаса саған не? (7) Ал енді саған жүгіріп келген біреу; (8) Ол, (Алладан) қорқады. (9) Сонда да оған селқос қарайсың. (10) Жок, олай емес. Элбетте Құран бір насиҳат. (11) Сондықтан кім қаласа, үгіт алады. (12) Құрметті нұсқаларда жазулы, (13) Жоғары бағаланған тап-таза; (14) Елшілердің қолында, (15) Ардақты, игі. (Періштелер; Лаұхы Махфұздан көшірген. Б.Ж.Х.) (16) Жаны шықсын! Оған, адам баласы қалай қарсы? (17) Алла адамды не нәрседен жаратты? (18) Бір тамшыдан жаратып, оны бейнеледі. (19) Сосын оның жолын оңайластырды. (20) Кейін оған өлім беріп, оны қабырға қойдырды. (21) Қалаған сәтте, оны тірілтеді. (22) Жок, ол Алланың әмірін орындауды. (23) Ал енді адамзат, жеген тамагына бір көз салсын. (24) Әрине мол су бердік. (25) Сосын қара жерді қақ айырдық. (26) Сонда жерде дәнді дахылдар өсірдік. (27) Жұзімдер, жоңышқалар, (28) Зейтіндер, құрмалар, (29) Ну бақшалар, (30) Жемістер, өлеңдер; (31) Сендер әрі малдарың пайдалану үшін. (32) Ал енді қатты дауыс келген сәтте; (33) Сол күні, кісі туысынан қашады; (34) Шешесінен, әкесінен, (35) Әйелінен және балаларынан. (36) Ол күні әркімнің ісі ауыр. (Әркім өз халымен әлек.) (37) Ол күні кейбір жұздер, жарқырайды; (38) Күлген қуанышты. (39) Ол күні кейбір жұздің үстін шаң басқан болады; (40) Оны қара тұнек қаптаған болады. (41) Міне солар, қарсы келген бұзакылар. (42)